

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында субъектілерді (жеке кәсіпкерлік саласынан басқа) тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 16 наурыздағы № 71-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 сәуірде № 7598 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 753 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 25.12.2015 № 753 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 17-бабының 38) тармақшасына сәйкес және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында субъектілерді (жеке кәсіпкерлік саласынан басқа) тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Д.К. Мұқанова) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң оны ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі М.Б. Мұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрі

*Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
Н. Қаппаров*

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
министрінің 2012 жылғы
16 наурыздағы № 71 - ө
Бұйрығымен
бекітілді
Нысан

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында субъектілерді (жеке кәсіпкерлік саласынан басқа) тексеру жөніндегі тексеріс парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акті

(№ , күні)
Табиғат пайдаланушының атауы

(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мекен - жайы

р/с №	Талаптар атауы	Қажеттілігі жөнінде белгі (иә/жоқ)
Шаруашылық және өзге де объектілерді жобалауға қойылатын экологиялық талаптар		
1	Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы объектілерін және басқа да объектілерді жобалау кезінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жобалардың бар болуы	
Жалпы экологиялық талаптар және табиғат пайдаланушылардың шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануға беру мен пайдалану кезіндегі жауапкершілігі		
2	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен құрылатын қабылдау комиссиясының актісі бойынша Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру кезінде жобада көзделген барлық экологиялық талаптардың толық көлемде орындалуы	
3	Өзіне бөлінген аумақта жұмысты экологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуы	

4	Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі белгіленген құжаттаманы жүргізуі және бүкіл қызметі бойынша мемлекеттік органдарға белгіленген есептілікті беруі	
5	Әрбір объектіде өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше құруы не қызметкерді тағайындауы	
6	Әрбір объектіде қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны және мүлікті қорғау мақсатында барлық операцияларды неғұрлым қауіпсіз тәсілмен жүргізуі және жабдықтарды қауіпсіз жай-күйде ұстауы	
7	Барлық қызмет түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтың органдарымен келісілген, кемінде бес жылда бір рет қайта қаралатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттардың бар болуы. Нормативтік-техникалық құжаттар жаңа үлгілік ережелер мен нормаларды, жаңа технологиялық процестерді, қондырғыларды, машиналар мен аппаратураларды енгізу кезінде де қайта қаралуы	
8	Жұмыс учаскелерінде (объектілерінде) табиғат пайдаланушының жауапты лауазымды адамдары анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп, техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын тексеру журналдарының бар болуы	
9	табиғат пайдаланушы әзірлеген Экологиялық қауіпті объектілердегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі бойынша арнайы ереженің бар болуы	
10	Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспарының бар болуы	
11	Экологиялық талаптардың, нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың бұзылуын немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіпті, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін анықтаған қызметкер туындаған жағдайды жою немесе оқшаулау жөніндегі шамасы жететін барлық шараларды дереу қабылдауға және ол жөнінде диспетчерге немесе басшылыққа хабарлау бойынша шаралар қабылдауы	
12	Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауы	
Технологияларға, техника мен жабдыққа қойылатын экологиялық талаптар		
13	Қазақстан Республикасында технологиялардың, көлік құралдарын қоспағанда, техниканың және жабдықтың қолданылуы осындай технологиялардың, техникамен жабдықтың қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдарымен қоса олардың қолданылуын негіздейтін құжаттамаға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады	
Елді мекендерді жобалауға және салуға қойылатын экологиялық талаптар		
14	Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау кезінде халықтың өміріне, еңбек етуі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздікті сақтауы	
15	шектеулі табиғат пайдалану режимі қолданылатын орманды-саябақты, жасыл және қорғау аймақтарының құрылуы	
16	Ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, автомобиль жолдары және өзге де өнеркәсіптік объектілер қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ететін техникалық регламенттердің, санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің, нормалардың, қала құрылысының талаптары және өзге де талаптары сақталуы	

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар

17	Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерлерді айқындау қоршаған ортаны қорғаудың шарттары мен ережелері сақтала отырып, аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріліп жүргізілуі	
18	Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтарының белгіленуі	

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

19	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздік пен ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалы жай-күйімен қамтамасыз етілуі	
20	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлінуі	
21	Жердің химиялық ластану деңгейін айқындауы	

Елді мекендердің жерін аймақтарға бөлу мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

22	Елді мекендердің жерін аймақтарға бөлу жерді бағалаудың экологиялық критерийлері негізінде жүзеге асырылуы	
23	Елді мекендердің жерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде ластаушы заттардың осы аумақтардағы ауа мен суға өту мүмкіндігі және олардың халық денсаулығына тікелей әсер етуі ескерілуі	
24	Төтенше экологиялық жағдайдағы аймақ үшін экологиялық ахуалдың одан әрі нашарлауына әкеп соқпайтын ерекше пайдалану режимінің белгіленуі	

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

25	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді аймақтарға бөлу кезінде экологиялық қауіпсіздік және жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуі	
26	Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнеркәсіп, көлік және өзге де объектілерді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін, аталған жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары ескеріле отырып, аймақтар белгіленуі	
27	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерді басқа санаттағы жерге ауыстырылуы	

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін және сауықтыру мақсатындағы жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

28	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін пайдалану режимі	
----	---	--

Орман қорының жерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

29	Орман қоры жеріндегі ауыл шаруашылығы алқаптары жер санатына ауыстырылуы	
----	--	--

Су қорының жерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

30	Су қорының жерін аймақтарға бөлу кезінде су объектілерін қорғауды және суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету	
31	Су қорының жерін басқа жер санатына ауыстыруы	
32	Су қорғау белдеулеріне бөліп берілген жерлер	

Босалқы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

33	Экожүйелердің тозуын бағалау жерді бағалаудың экологиялық критерийлеріне сәйкес жүргізілуі	
----	--	--

34	Бұзылған жерді босалқы жер санатынан ауыстыру қалпына келтіру және жердің сапасы мен экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырғаннан кейін жүзеге асуы	
35	Ядролық қаруды сынау жүргізілген жер учаскелері босалқы жер құрамынан меншікке немесе жер пайдалануға беру кезінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының болуы	
Оңтайлы жер пайдалану жөніндегі экологиялық талаптар		
36	Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілерді орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелерін беруі	
37	Ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты емес объектілерді салу мен тұрғызу құжаттары	
Кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптар		
38	Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу және реконструкциялау мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары болғанда және қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылуы	
39	Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар	
Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
40	Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану	
41	Топырақты, су тоғандарын, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін ауыл шаруашылығы қызметінің зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар кешенінің орындалуы	
Автомобиль және өзге де көлік құралдарын жасау мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
42	Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыру кезінде жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауы, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауы	
Атом, жылу және су электр станцияларын орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар		
43	Атом электр станцияларын орналастыру және салуға жоба мен мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындысының болуы	
44	Жобалану және салыну үстіндегі электр станциялары үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін сақтауы	
Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
45	санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдануы, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуі, қолжетімді озық технологияларды енгізуі	
46	қалдықтарды жинақтау мен жоюды олардың құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалатын жерде жүргізу талаптарын сақтауы	
47	бүлінген жерді қалпына келтіруді жүргізуі	
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар		

48	ұңғымалар мен тау-кен өндіру конструкциялары беріктігі, технологиялылығы және экологиялық қауіпсіздігі жағынан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау шарттарын қамтамасыз етуі	
49	Ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда салынуы	
50	Шламдарды кәдеге жарату және бұрғылау процесінде қайтадан пайдалану, қоршаған ортаға қайтару үшін, пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін, бұрғылаудан, карьерлерден және шахтадан шыққан сарқынды суды бейтараптандыру жөніндегі жұмыстар	
51	Жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау мақсатында пирофорлық шөгінділер, шлам мен керн жобаға сәйкес көмілуі	
52	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды пайдалануға берілуі	
53	Жер учаскесін қалпына келтіру (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстар жүргізілуі	
54	Жер қойнауын пайдаланушы бұрғылайтын, оның ішінде өздігінен ағып шығатын ұңғымаларды, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы токтатылған ұңғымаларды консервациялауы немесе жоюы	
55	Су объектілерінің ластануын және тартылуын болғызбайтын шаралар қабылдауы	
56	Сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның осы ұңғымалар бұрғыланатын ауданда арнайы тексерулер жүргізілгеннен кейін беретін оң қорытындыларының бар болуы	
57	пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымаларға айдау жүргізілетін ауданда жақын жердегі ұңғымалардағы, бұлақтардағы, құдықтардағы судың сапасына жүйелі зертханалық байқауы	
58	қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану, өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерін сақтауы	
59	Аккредиттелген өзінің немесе өзге де лабораторияларға ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етуі	
60	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ластанушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (айдау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беруі	
Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар		
61	Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оларды су деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болғызбайтындай немесе барынша азайтатындай етіп жүргізуі	
Су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
62	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерінің сақталуы, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріле отырып жүргізілуі	
	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі	

63	саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының оң қорытындыларының болуы	
Сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологиялық талаптар		
64	сарқынды суды жер үсті су объектілеріне және жер қойнауына ағызып жіберуге Қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсаттың бар болуы	
65	Сарқынды суды жинақтаушысы бар табиғат пайдаланушылар оның қоршаған ортаға әсерін болғызбайтын қажетті шаралар қабылдауы, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін осы жинақтаушылар орналасқан жердің қайта өңделуін жүзеге асыруы	
66	Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмеуі	
Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қызметте пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде қойылатын экологиялық талаптар		
67	Жаңа препараттар жасаған кезде оларды қоршаған ортада қолданудың нормативтері әзірленуі	
68	пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға келісімнің бар болуы	
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптар		
69	Құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы	
70	Келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдауы және олар бойынша мониторинг жүргізуі	
71	Мұнай операцияларының барлық сатысында олар үшін белгіленген ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне жол берілетін шекті нормативтерінен асырылмауына жол бермеуі	
72	Ұңғымаларды пайдалану кезінде, авариялық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға жол бермеуі	
73	Ұңғымаларды сынау кезінде көмірсутегін алау етіп жағу экологиялық сараптама қорытындысында қоршаған ортаға неғұрлым қауіпсіз деп танылған жағдайда барынша азайтылуы. Ұңғымалар құстардың өріс аудару жолдарына орналастырылған жағдайда, орнитофаунаға залалды болғызбау үшін ұйымдастыру-техникалық шаралар қабылдануы	
74	Мұнай операцияларын жүргізген кезде атмосфераға шығарындылар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген принциптер мен әдістерге сәйкес бақылауы	
75	Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар	
76	Сарқынды суларды арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруі	
77	Теңіз түбіндегі жару жұмыстарына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатының бар болуы	

78	Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылардың орнатылуы	
79	Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында уылдырық шашылуын қорғау және бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны, сондай-ақ итбалықтардың тіршілік ету ортасын қорғау жөнінде кешенді бағдарламалары	
80	Бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген өзге заттарды пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оларды қолдануды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісімі	
81	Бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мәндері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигательдерімен жарактандырылуы	
82	Энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын-газ) турбиналарымен жарактандырылуы	
83	Көзделіп отырған шаруашылық қызмет жүргізілетін, бұрын зерделенген ауданның қоршаған ортаға әсерді бағалау табыс етілгенге дейін кемінде төрт жыл бұрын жүргізілген далалық зерттеу нәтижелеріне негізделуі қазіргі жай-күйін талдау	
84	Су қорғау аймағында және теңіздің жағалау бойындағы таяз сулы учаскелерінде ұңғымаларды бұрғылау	
Теңізде барлау мен өндіру кезіндегі экологиялық талаптар		
85	Мұнай операцияларын жүргізген кезде ұңғымаларды бұрғылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген озық принциптер мен әдістер негізінде жүзеге асырылуы	
86	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы экожүйесінің тұрақты тіршілігін қамтамасыз ету үшін теңізде барлау мен өндіруді жобалау кезінде бұрғылық негіздер салу, ұңғымаларды сынау	
87	Жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялық төгілулердің алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуы	
Жағалаудағы жарактандыру базалары мен жағалау инфрақұрылымы объектілеріне арналған экологиялық талаптар		
88	Порттар мен айлақтарды қоспағанда, жағалаудағы базаларды, оның ішінде жанар-жағар май материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдар пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуы	
89	Жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерге рекультивациялау жүргізілуі	
Кеме жүзуіне қойылатын экологиялық талаптар		
90	Каспий теңізіне жануарлар және өсімдіктер дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді пайдалануға мемлекеттік экологиялық сараптама өткізілуі	
91	Орын ауыстыру бағыттары кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі картографиялық материалдарда көрсетілуі.	
	Барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық коқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына	

92	төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жаракталған болуы	
93	Сусыма материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуы	
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы қоршаған ортаның мониторингі		
94	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүргізуі	
95	Өндірістік мониторинг өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижелерін ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан жалғастыру мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарттық аумақ шегінде және оның айналасында) орналасқан, жұмыс істеп тұрған станциялардың көрсеткіштерін пайдалануы	
96	Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаның авариялық ластану салдарының мониторингі кідіріссіз ұйымдастырылуы	
97	Жер қойнауын пайдаланушы өндірістік мониторинг нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беруі	
Радиоактивті материалдарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
98	Қоршаған ортаның радиациялық ластануының алдын алу және оны жою жөнінде шаралар қабылдауы	
Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтау мен көму кезіндегі экологиялық талаптар		
99	Халық пен қоршаған ортаның радиациядан қорғалуы	
Өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі жалпы экологиялық талаптар		
100	Қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу шараларын көздеуге, оларды кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою жөніндегі іс-шараларды орындауы	
101	Қалдықтарды орналастыру мен жоюға жергілікті атқарушы органдардың шешімдері	
102	Қалдықтарды қайталап пайдалану (рециклинг), қалдықтарды пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғаларға оларды беру арқылы бірте-бірте қысқартуды қамтамасыз етуі туралы ақпарат	
103	Қалдықтарды өндеуді, жоюды немесе орналастыруы туралы ақпарат	
Қауіпті қалдықтардың паспорты		
104	Қауіпті қалдықтардың паспортының бар болуы	
Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді салу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар		
105	1) қалдықтардың санын азайту мақсатында оларды орналастыру нормативтерінің ж о б а л а р ы н ы ң б а р б о л у ы 2) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың құралуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру ш а р а л а р ы н е н г і з у і ; 3) қалдықтар мен оларды орналастыратын объектілерге түгендеу жүргізуі; 4) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған ортаның ж а й - к ү й і н е м о н и т о р и н г жү р г і з у і ; 5) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануы	
106	қалдықтарды орналастыру объектісі салынатын жерді анықтауға мемлекеттік экологиялық сараптамалардың оң қорытындысы	

107	Қалдықтарды орналастыру объектілеріне және бүлінген жерлерде рекультивациялау жөнінде жұмыстар жүргізуі	
Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар		
108	Қызмет процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың құралуының тоқтатылуына немесе қысқартылуына және (немесе) олардың қауіптілік деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы	
109	Қауіпті қалдықтарды арнайы жабдықталған жерлерге орналастыруға экологиялық рұқсаттардың бар болуы	
110	Қауіпті қалдықтар орналастырылған жер қалдықтың түрі, оның қауіптілік деңгейі және көмілген күні көрсетіле отырып, жақсы көрінетін жерде айырым белгілерімен белгіленуі	
111	Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды, тасымалдауды және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар төтенше және авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдар жоспарларының бар болуы	
112	Шаруашылық және басқа да қызметтің экологиялық қауіпті түрлері міндетті экологиялық сақтандыру келісім шарты негізінде жүзеге асырылуы	
Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезіндегі экологиялық талаптар		
113	Қауіпті қалдықтардың құралуы мен олардың тасымалдануы	
Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есеп		
114	Қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың есебін (түрі, саны және шығарылған жері) жүргізуге, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға және (немесе) адам денсаулығына қауіпті қасиеттері туралы ақпарат жинауы және сақтауы	
115	Қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын тұлғалар және қауіпті қалдықтарды өндірушілер өздерінің қызметі процесінде құралған, жиналған, тасымалданған, кәдеге жаратылған немесе орналастырылған қалдықтардың тұрақты есебін (түрі, саны, қасиеттері) жүргізуі	
116	Қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың есебі жөніндегі құжаттамаларды бес жыл бойы сақтауы	
117	Қалдықтардың меншік иелері өзінің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметі туралы жыл сайынғы есебін Қалдықтардың мемлекеттік кадастрына енгізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруі	
Қалдықтарды көму полигондарына және ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылатын экологиялық талаптар		
118	Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлері үшін белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлерде (аландарда, көмбелерде, қоймаларда) жүргізілуі үшін құжаттар	
119	Қалдықтарды кейіннен орнын ауыстыру ықтималдығына және (немесе) олардың қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг жүргізуі. Полигондарға белгіленген экологиялық талаптар қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылады, бұл ретте оларды алып қоюдың, тасымалдаудың, кейіннен кәдеге жаратудың немесе түпкілікті көмудің техникалық мүмкіндігі қамтамасыз етілуі	
120	Қалдықтар полигондарын орналастыру мен салу жобалары бойынша мемлекеттік, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындысы	
Қалдықтарды орналастыру полигондарына қойылатын экологиялық талаптар		
121	Әрбір полигон олардың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газы), сақтауға қойылған қалдықтарда құралатын сүзінді судың және сарқынды сулардың мониторинг жүйесі	
122	Полигонда көмуге арналған қалдықтардың саны мен қауіпті қасиеттері азайтылуы	

123	Полигонның иесі биологиялық іритін қалдықтарды көму көлемін азайту және қоқыс газды бақылау мен кәдеге жарату жүйелерін енгізу арқылы полигонда метанның құралуын азайту жөнінде шаралар қабылдауы	
124	Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін полигонның иесі қалдықтарды сыныптау негізінде қабылдаудың бірдейлендірілген рәсімін енгізуі	
125	Қалдықтарды көму полигонының қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген мерзімде учаскені экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі жоспар негізінде жүзеге асырылуы	
126	Полигонның меншік иесі полигон жабылғаннан кейін жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шараларды және қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізу үшін тарату қорын құруы	
127	Көму үшін қабылданатын қалдықтарды қабылдау мен сыныптау рәсімін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуі	
Полигонды пайдалану сатысындағы бақылау мен мониторинг		
128	Полигонның иесі жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізілгені туралы есеп беруі	
129	Полигонның иесі бақылау және мониторинг нәтижесінде анықталған, қоршаған ортаға қолайсыз әсер туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуі, сондай-ақ қабылданылатын түзету шараларының сипаты мен мерзімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуі	
130	Бақылауды, мониторингті және (немесе) талдауды аккредиттелген зертханалармен орындалуы	
Полигонды (полигонның бөлігін) жабу, рекультивациялау және мониторинг рәсімдері		
131	Қалдықтарды көму жөніндегі полигонды (полигонның бөлігін) жабуға экологиялық рұқсат алынуы	
132	Полигон (полигонның бөлігі) жабылғаннан кейін полигонның иесі аумақты рекультивациялауды жүзеге асырылуы және 1-сыныптағы полигондар үшін - отыз жыл бойы, 2-сынып полигондары үшін жиырма жыл бойы қоқыс газдың және сүзінді судың шығарындыларына мониторинг жүргізуі	
133	Полигонның иесі жобаның талаптарына сәйкес полигонды (полигонның бөлігін) рекультивациялауды орындағаннан кейін және орындалған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін иелік етуші қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатуы	
Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар		
134	Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерінің барлық жобаларына мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысының бар болуы	
135	Жер үсті суларының, ызасулардың және жер асты суларының радиоактивті ластану есебі ерітінділердің сүзілуінің және ластанудың жылдамдығын, олардың таралу қабілеттерін және су сиятын тау жыныстарының сорбциондық мүмкіндіктерін айқындау үшін орындалатын арнайы гидрологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу негізінде орындалуы	
Парниктік газдардың және озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жол берілетін шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы талаптар		
136	Озонды бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттардың импорты, экспорты, озонды бұзатын заттар пайдалана отырып жүргізілетін жұмыстарға,	

	құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсету шаруашылық қызметке рұқсаты	
Озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры		
137	Озонды бұзатын заттарды әкелуді және тұтынуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын әзірлеу үшін жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға озонды бұзатын заттардың жылдық тұтынылуы туралы деректерді табыс етуі	
Парниктік газдарды мемлекеттік түгендеу және парниктік газдардың мемлекеттік кадастры		
138	Парниктік газдардың көздері мен сіңірушілері бар заңды тұлғалар парниктік газдардың эмиссиясы мен сіңірілуіне түгендеу жүргізу үшін жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға парниктік газдарға түгендеу жүргізу және мемлекеттік кадастрын жасау үшін бастапқы ақпаратты табыс етуі	
Парниктік газдарды және озонды бұзатын заттарды өндірістік бақылау		
139	Парниктік газдардың және озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жыл сайынғы түгендеу жүргізу жолымен өндірістік бақылауды жүзеге асыруы	
140	Экологиялық қызметтерді ұйымдастыру туралы және парниктік газдар мен озонды бұзатын заттарға өндірістік бақылау жүргізуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтер, сондай-ақ парниктік газдарды және озон бұзатын заттарды түгендеу нәтижелері туралы ақпарат	
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау		
141	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетуге арналған лицензиясының бар болуы	
Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері		
142	Осы Кодекстің 37-бабында айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының бар болуы	
143	Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың оларға ілеспе материалдарымен бірге мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар жобаларының бар болуы	
144	Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларының бар болуы	
145	Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобаларының бар болуы	
146	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттар жобаларының бар болуы	
147	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларының бар болуы	
148	Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелерінің бар болуы	
149	қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметін жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобаларының бар болуы	

150	осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдарының бар болуы	
151	шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде «Байқоңыр» кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобаларының бар болуы	
152	Қазақстан Республикасына өткізілетін (әкелінетін) технологияларды, көлік құралдарын қоспағанда, техникаларды және жабдықтарды қолдану жөніндегі құжаттамалардың бар болуы	
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат		
153	қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаты	
Экологиялық аудиторлық есептерге қойылатын талаптар		
154	Экологиялық аудиторлық есептің бар болуы	
Табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау		
155	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының бар болуы	
Экологиялық сақтандыру		
156	Міндетті экологиялық сақтандыру шарттарының бар болуы	
Табиғат пайдаланушының өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері		
157	өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының бар болуы	
Өндірістік мониторингтің түрлері және оны жүргізуді ұйымдастыру		
158	Қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізген аккредиттелген, өндірістік немесе тәуелсіз зертханалардың бар болуы	
Өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есеп пен есептілік		
159	өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша кезеңдік есептер беруі	